

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 399 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 399 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

16-тармақтың 96) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"96) аумақтық әділет органдарының қызметін қамтамасыз ету және оларға заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша әдістемелік басшылық ету;"

16-тармақтың 119), 120), 121) және 122) тармақшалары алып тасталсын.

2. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

9-бөлімде:

мына:

"

9	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	19852
---	---	-------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

9	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	19862
---	---	-------

".

;

11-бөлімде:

мына:

"

11	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	2594
----	---	------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

11	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	2584
----	---	------

".

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

15-тармақтың 7) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі саласындағы, аудиторлық қызмет саласындағы және аудиторлық және кәсіби ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыру, бағалау қызметі саласындағы қызметтерді реттеу және бағалау қызметі саласындағы бақылауды жүзеге асыру;

8) ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, аудиторлық қызмет, бағалау қызметі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз ету;"

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару, бухгалтерлік және бюджеттік есепке алу, қаржылық және бюджеттік есептілік, ішкі мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау, аудиторлық қызмет, бағалау қызметі, үкіметтік және мемлекет кепілдік

берген борышты және мемлекет алдындағы борышты басқару, мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, оңалту және банкроттық саласындағы (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеу, экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу, сондай-ақ қаржы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында жинақтау, сондай-ақ материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүлікті жинақтау бойынша саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 14-2), 14-3) және 14-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-2) бағалау қызметі саласындағы бағалау стандарттарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

14-3) бағалау туралы есеп нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;

14-4) бағалау туралы есеп сараптамасын өткізу тәртібін, сараптамалық қорытындыға қойылатын талаптарды және оны бекіту тәртібін әзірлеу және бекіту;"

71) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"71) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, аудиторлық және бағалау қызметтері мәселелері бойынша өзге де мемлекеттік органдармен және кәсіби ұйымдармен өзара іс-қимыл;"

мынадай мазмұндағы 74-1), 74-2), 74-3), 74-4) және 74-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"74-1) бағалаушыларға, сарапшыларға кандидаттардың біліктіліктерін растау үшін біліктілік емтиханын өткізу қағидаларын бекіту;

74-2) бағалау қызметі саласындағы реттеушілік әсерге талдау жүргізу;

74-3) бағалау қызметі саласындағы оқытудың, кәсіптік қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасын және сағаттар көлемін бекіту;

74-4) бағалаушылар палаталарының қағидалары мен стандарттарын келісу;

74-5) бағалаушылардың іскерлік және кәсіптік әдебінің үлгілік кодексін және бағалаушылар палатасының өз мүшелерінің "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, бағалаушылар палатасының стандарттары мен қағидаларының талаптарын бұзуына қатысты өтініштерді қарастырудың талаптарын бекіту;"

ведомстволардың функцияларында:

119) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"119) құзыреті шегінде аудиторлық қызмет пен аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдардың және аудиторлық ұйымдардың қызметі, бағалау қызметі салаларында бағалаушылар палаталарының "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды, бағалаушылар

палатасының жарғысы мен өзі қабылдаған қағидалары мен стандарттарын орындауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 125-1), 125-2), 125-3) және 125-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"125-1) бағалаушылар палаталарының қызметі туралы ақпаратты сұрату;

125-2) біліктілік комиссиясының құрамына өкілдерді жіберу;

125-3) бағалаушылар палатасын "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша мәжбүрлеп тарату туралы талап қоюды сотқа беру;"

125-4) бағалаушылардың өзін-өзі реттейтін ұйымдарының тізілімін жүргізу;"

4. "Сот-сараптама, адвокаттық және нотариаттық қызметті, мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) және зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 қыркүйектегі № 790 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 51-52, 408-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот-сараптама, адвокаттық және нотариаттық қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы";

1-тармақтың 1) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтары алып тасталсын;

1-тармақтың 2) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтары алып тасталсын.